

**Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты  
Туякбаева Айгуль Шаймуратовнаның 6D040600 – режиссура  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
дайындаған «Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлері мен рухани  
құндылықтардың көрінісі» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына**

**ПІКІР**

Ұлттық руханият категорияларын пайдалана отырып қазақ киноөнеріне көңіл аудару зерттеу бағыттарындағы тың әдістеме десек артық айтқан болмаспыз. Себебі киноөнерінің көркемдік бейнелеу тәсілдері мен құралдары қатарында салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтар әрбір киношығарманың құрылымының белгілі бір көрінісі мен ұғым санатының сипаттамасы қатарында байқалатыны белгілі.

«Кинотану ғылымында өте аз зерттелген саланың бірі – кинематографиядағы ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың көрінісі» - дейді диссертация авторы Айгуль Туякбаева. Бұл рас, белгілі бір кемшілік десек те болатын сияқты. Әрине кинотану ғылымының өзі біздің рухани даму үрдісіне жаңа және тың сала болып ене бастағанының өзіне де әлі бір адамның суретін өмір ұзақтығындай ғана уақыт өтті. Қарастырып отырған диссертацияның мазмұндық құндылығы мен ерекшелігін өнертанудың қарқынды дамып келе жатқан жаңа тармағы – кинотанудың кемелдене, күрделене бастағанының белгісі деп айырықша ауыз толтырып айтуға болатын оқиғалық мәні бар деуге болады. Ал ол қазақ киноөнерінің ұлттық болмыс пен халықтың рухани дүниесінің мейлінше ұлғаюы мен дамуына қосатын үлесінің бүгінгі мен болашақ ауқымының маңызды құралына айналып отырғандығының бір дәлелі. Өзінің ұлттық ерекшеліктерімен қазақ ұлттық киноөнері әлем кинематографиясының алып бәйтерегінің негізгі бір бұтағына айналып отырғанының белгісі.

Жақында ғана қолданысқа еніп жатқан Қазақстан Республикасының «Кинематография туралы» заңында «Ұлттық фильм» деген ұғым анықталған. Міне осы диссертация бұл ұғымның қазақ қоғамының санасына енуі мен белгілі бір дүниетанымдық әсер беретінін де айта кетуіміз керек.

Ұлттық фильмнің көріністік бейнесі мен философиялық мәні – ол қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарының сұлулығы мен тереңге жайылатын тамырлары.

«Халықтық әдет-ғұрыптар өзіне үлкен дидактикалық функция жүктейді және кинематография өзінің синтетикалық табиғатына сай рухани құндылықтарды трансляциялайтын аса үздік тәсіл болып табылады» - деген автордың тұжырымымен келіспеуге болмайды.

Әдет-ғұрып, салт-дәстүр, басқа да рухани құндылықтар ғасырдан ғасырға, атадан балаға көшіп отыратын, ұлтты ұлттан ажырататын, оны ерекшелендіретін рухани қазына. Оларды экран арқылы бейнелеудің эстетикалық мәні толыққанды және жүйелі өнертанушылық талдау асқан шеберлікпен жасалынған.

Айгуль Туякбаеваның 6D040600 – режиссура мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындағын «Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтардың көрінісі» диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеудің барлық талаптарына сай келеді. Жұмысты Академиялық Диссертациялық кеңесінің қорғауына жіберуге лайық деп есептеймін.

Пікір білдіруші:



Слаибек Тәуекел

Қазақ Ұлттық өнер университетінің  
профессоры, Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері, кинорежиссер,  
продюсер

slambektayekel@mail.ru

